

## Ғылым және технологиялық саясат туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 54-б. қараңыз.**

**Колданушылар назарына!**

**Колданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.**

Осы Заң ғылым, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, Қазақстан Республикасының ұлттық ғылыми жүйесінің жұмыс істеуі мен оны дамытудың негізгі қағидаттарын және тетіктерін айқындайды.

### 1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеу – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сай келуін үәкілдетті органның ресми тану рәсімі;

2) ғалым – ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізетін жеке тұлға;

3) ғылым – функциялары табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында табиғат, қоғам және ойлау зандарын зерделеу, болмыс туралы объективті білімді тұжырымдау және теориялық жағынан жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы;

4) ғылыми әдеп – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері үстанатын әдеп қағидаттарының, қағидалары мен нормаларының жиынтығы;

5) ғылыми бағыттар сыныптауышы – ғылым бағыттарын сыныптауды және кодтауды белгілейтін құжат;

6) ғылыми-білім беру консорциумы – ғылыми ұйымдар, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары және басқа да занды тұлғалар, оның ішінде өндіріс саласында жұмыс істейтін занды тұлғалар іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу, технологиялық инновацияларды әзірлеу және біліктілігі жоғары мамандарды даярлау үшін зияткерлік, қаржылық және өзге де ресурстарды біріктіретін ғылым, ғылыми-техникалық қызмет саласындағы бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізіндегі ерікті теңқұқықты уақытша бірлестік;

7) ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама – болжанатын ғылыми-техникалық жұмыстың мазмұнын қамтитын, жоспарланған жұмыстарды жүргізудің мақсаттары мен міндеттері, олардың өзектілігі, жаңалығы, ғылыми-практикалық маңыздылығы мен орындылығы негізделген ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді білдіретін құжат;

8) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін ендіру (пайдалану) – жаңа өнімді немесе жаңа технологияны менгерудің ғылыми-өндірістік циклінің қорытынды сатысын іске асыруға бағытталған қызмет;

9) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру – жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикада қолданумен байланысты, кіріс алуға бағытталған қызмет;

10) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған грант – экономиканың басым секторлары шенберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын іске асыру үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізде берілетін қаражат;

11) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталығы (офисі) – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыратын заңды тұлға, ғылыми ұйымның, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, дербес немесе өзге де білім беру ұйымының құрылымдық немесе оқшауланған бөлімшесі;

12) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы зияткерлік қызмет нәтижесі (бұдан әрі – зияткерлік қызмет нәтижесі) – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің немесе өзге де қызметтің нәтижесінде алынған өнертabyстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалардың топологиялары, бағдарламалық қамтылымдар және зияткерлік қызметтің басқа да нәтижелері;

13) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы есеп – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасын іске асыру нәтижелері мен тиімділігі туралы ақпаратты қамтитын құжат;

14) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыру барысында тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен алынған және кез келген ақпарат жеткізгіште

тіркеліп-белгіленген жаңа білім немесе шешімдер, сондай-ақ өндіріске ендірілген ғылыми әзірлемелер мен технологиялар, жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың модельдері, макеттері, үлгілері;

15) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясат – ғалымдар мен ұйымдардың ғылым және техника, ғылыми-техникалық жетістіктерді коммерцияландыру, жаңа технологиялар жасауды ынталандыру саласындағы қызметінің негізгі басымдықтарын, мақсаттарын, бағыттарын, қағидаттары мен тәртібін айқындастын әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі;

16) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есеп – ғылыми-техникалық жұмыстың іске асырылуы туралы ақпаратты, ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді, сондай-ақ жоспарланған жұмыстарды әрі қарай жүргізуіндегі орындылығы не аяқталған ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарламаның нәтижесі туралы ақпаратты қамтитын құжат;

17) ғылыми-зерттеу жұмысы – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденуге, зерттеулер, эксперименттер жүргізуге байланысты жұмыс;

18) ғылыми зерттеулер – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шенберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістермен және қуралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер;

19) ғылыми инфрақұрылым – ғылыми зертханалық және инженерлік жабдық, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіріс, бірегей объектілер, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыруға арналған өзге де жылжымалы және жылжымайтын мулік;

20) ғылыми қызмет – зерделенетін объектілерге, құбылыстарға (процестерге) тән қасиеттерді, ерекшеліктер мен заңдылықтарды анықтау мақсатында қоршаған болмысты зерделеуге және алынған білімді практикада пайдалануға бағытталған қызмет;

21) ғылыми қызметкер – ғылыми ұйымда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімінде немесе үйімнің ғылыми бөлімшесінде жұмыс істейтін, жоғары білімі бар, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне қол жеткізетін және оны іске асыратын жеке тұлға;

22) ғылыми тағылымдама – ғалымдардың "Болашақ" халықаралық стипендиясы шенберіндегі тағылымдаманы қоспағанда, ғылыми зерттеулердің таңдал алынған бағыты бойынша кәсіптік құзыреттерін дамыту мақсатында шетелдік және (немесе)

отандық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі жетекші білім беру үйымдарында, ғылыми орталықтарда және өзге де үйымдарда тағылымдамадан өтуі;

23) ғылыми-техникалық ақпарат – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық және өндірістік қызмет барысында алынатын, зерттеулердің ұлттық және шетелдік нәтижелері және ғылымның, техниканың, технологиялардың жетістіктері туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат;

24) ғылыми-техникалық қызмет – технологиялық, конструкторлық, экономикалық және әлеуметтік-саяси және өзге де міндеттерді шешу үшін ғылым, техника және өндіріс салаларында жаңа білім алуға және оны қолдануға, осы зерттеулерді жүргізу үшін қажетті нормативтік-техникалық құжаттама әзірлеуді қоса алғанда, ғылымның, технология мен өндірістің біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған қызмет;

25) ғылыми-технологиялық саясат – ғылымды дамытудың негізгі мақсаттарын, бағыттарын, қафидаттарын және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау тетіктерін айқындастырын мемлекеттік технологиялық саясаттың бір бөлігі;

26) ғылым кандидаты, ғылым докторы – ізденушілердің диссертациялар қорғауы негізінде берілген ғылыми дәрежелер;

27) ғылым саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында салааралық үйлестіру мен басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

28) жетекші ғалым – уәкілетті органның тиісті талабында айқындалған ғылыми жетістіктері мен көрсеткіштері бар, ғылым докторы немесе кандидаты дәрежесі, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар ғалым;

29) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымының, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің эндаумент-қоры – инвестициялық кірісі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық, инновациялық және (немесе) білім беру қызметін қаржыландыруға, сондай-ақ стартаптарды венчурлік қаржыландыруға бағытталатын, қайырымдылық көмек, өтеусіз аударымдар, қайырмалдықтар, гранттар, білім беру үйымдарының құрылтайшылары (қатысуышылары) мен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің салымдары есебінен қалыптастырылатын нысаналы капитал қоры;

30) индустриялық-ғылыми технологиялық консорциум – бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысу мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру үшін ғылыми үйымдар, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары

және кәсіпкерлік субъектілері қалыптастырған, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізіндегі ерікті теңқұқыкты уақытша бірлестік;

31) инженерлік-техникалық жұмыскер – ғылыми үйымда немесе жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымында не кәсіпорында жұмыс істейтін, кәсіптік орта немесе жоғары білімі бар, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне қол жеткізуге және оны іске асыруға жәрдемдесетін жеке тұлға;

32) "Қазақстан ғылымы" бірыңғай ақпараттық жүйесі – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет процестерін, ғылымды қаржыландыру нысандары бойынша конкурстық рәсімдерді, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы, ғылыми-техникалық ақпаратты талдауды, жинауды, өндөуді, ғылыми-техникалық электрондық кітапхана мен цифрлық архивті, Қазақстан ғалымдарының бірыңғай дереккорын және қазақстандық ғалымдардың ғылыми дәйексөздерін келтіру жүйесін цифрландыруды қамтамасыз етуге арналған ақпараттандыру объектісі;

33) Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі – ғылым саласында аса зор жетістіктері бар, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау қағидалары мен өлшемшарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы сайлайтын ғалым;

34) қауымдастырылған профессор (доцент), профессор – уәкілетті орган беретін ғылыми атақтар;

35) қолданбалы ғылыми зерттеу – практикалық мақсаттарға қол жеткізу және нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білім алуға және оны қолдануға бағытталған зерттеу;

36) мемлекеттік тапсырыс – уәкілетті органның және (немесе) салалық уәкілетті органдардың базалық, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми үйымдарды қаржыландыру, ғылыми-техникалық қамтамасыз етуді және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды қаржыландыру нысанында бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға арналған шарт негізінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісіне тапсырысы;

37) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік тапсырысы – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға арналған шарт негізінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісіне тапсырысы;

38) салалық уәкілетті орган – ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

39) сервистік компания – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру үшін қажетті консалтингтік, инжинирингтік, сертификаттау, патенттеу жөніндегі және басқа да көрсетілетін қызметтерді ұсынатын заңды тұлға;

40) стартап-компания – инновацияларды әзірлейтін дара кәсіпкер немесе Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын, қызметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының, ғылыми үйымдардың қатысуымен құрылған заңды тұлға;

41) стратегиялық ғылыми зерттеулер – стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған ғылыми зерттеулер;

42) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар – өнімді жасау немесе жаңғырту, тәжірибелік үлгілерге арналған конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, тәжірибелік үлгілер мен пайдалы модельдерді дайындау және сынау кезінде орындалатын жұмыстар кешені;

43) тәжірибелік өндіріс – заңды тұлғаның тәжірибелік үлгілер мен пайдалы модельдерді, жаңа өнімдерді, әдістерді, процестер мен жүйелерді тестілеуге, дайындауға және сынақтан өткізуға арналған өндірістік алаңы;

44) технологиялар трансфері – өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін, білімді, технологияларды және зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды ендіргенге дейінгі оларды беру процесі;

45) толық ғылыми цикл жобасы – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері іске асыратын, ғылымды қамтитын өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жасауға бағытталған үйлестірілген ғылыми, ғылыми-техникалық жұмыстар кешені;

46) Ұлттық инновациялық жүйенің "бірыңғай терезесі" – бірыңғай портал арқылы инновациялық қызмет пен инновацияларды дамытуды қолдау шараларына қолжетімділікті қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;

47) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор – ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантурға бағдарламасын менгерген және Қазақстан Республикасында немесе оның шегінен тысқары жерлерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәрежелер;

48) іргелі ғылыми зерттеу – табигат, қоғам, адам дамуының негізгі заңдылықтары мен олардың өзара байланысы туралы жаңа ғылыми білім алуға бағытталған теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеу.

**2-бап. Қазақстан Республикасының ғылым және технологиялық саясат туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының ғылым және технологиялық саясат туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңдан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру мен орындау кезінде ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастар "Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

4. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастар "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптары ескеріле отырып реттеледі.

### **3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары**

1. Ғылымды дамыту, елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ғылыми жетістіктер нәтижелерін ендіру бойынша ғылыми-технологиялық саясатты іске асыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті салааралық үйлестіру осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Осы Заң мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) процеске барлық қатысушының өзара іс-қимылы кезіндегі транспаренттілік;  
2) ғылым саласындағы мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясатты іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізуге, кіріс алуға тартылған тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделеріне кепілдік беру;

4) экономиканың басым секторларында ғылымды, ғылыми-техникалық қызметті экономикалық түрғыдан ынталандыру;

5) білім беру, ғылым, өндіріс және даму институттарының күш-жігерін интеграциялау.

3. Осы Заңның мақсаттарына қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу арқылы іске асырылады:

- 1) мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясатты қалыптастыру және ғылым мен техника саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеу;
- 2) ғылымның тиімді жұмыс істеуі және ғылыми-технологиялық саясатты іске асыру ;
- 3) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамыту;
- 4) ғылыми қызметкерлер мен ғылыми үйымдардың мәртебесін арттыру;

5) ғылымды өндіріспен интеграциялау;

6) ғылымды кадрлық, материалдық-техникалық, ғылыми-техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету.

#### **4-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

1. Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қайшы келмейтін бөлігінде ғылыми, ғылыми-техникалық қызметті және (немесе) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

2. Осы Заңда реттелген құқықтық қатынастарға гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қаражатынан, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған гранттардан жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулерді жүргізу бөлігіндегі құқықтық қатынастарға сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының күші қолданылмайды.

#### **2-тaraу. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҒЫЛЫМ, ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТИ**

#### **5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ғылым, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ғылым, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет саласында:

1) ғылым, ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың, сондай-ақ ғылым саласындағы ғылыми-технологиялық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және оның жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкес ғылымның, ғылыми-техникалық қызметтің басым бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы стратегиялық, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын айқындайды;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясын (бұдан әрі – Жоғары ғылыми-техникалық комиссия) құрады және оның ережесі мен құрамын бекітеді;

4) Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығын құрады;

5) зерттеу университеті мәртебесін береді және оның даму бағдарламасын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

## **6-бап. Үәкілетті органның құзыреті**

Үәкілетті орган:

1) ғылым саласындағы мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

2) ғылым, ғылыми-техникалық қызмет және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асырады және мемлекеттік саясатты іске асырады;

3) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шенберінде қалыптастырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қоспағанда, бюджет қаражаты және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік тапсырысы есебінен қаржыландырылатын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің ғылыми, ғылыми-техникалық жобалары мен бағдарламаларын үйлестіреді;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау қағидалары мен өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес айқындастын ғылым мен технологияларды дамытудың стратегиялық басым бағыттарына сәйкес Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың басым бағыттарын, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді әзірлейді және оларды Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бекітуіне ұсынады.

Биологиялық қауіпсіздік саласын қозғайтын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттары шенберінде ғылыми зерттеулерді іріктеу кезінде Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптары ескеріледі;

6) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық қаржыландыру нормаларын әзірлейді және бекітеді;

7) Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді;

8) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шенберінде қалыптастырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің ғылыми, ғылыми-техникалық жобалары мен бағдарламаларын әзірлеуді ұйымдастырады және қалыптастыру, орындау және аяқтау сатыларында олардың іске асырылуын жүзеге асырады;

9) бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шенберінде жер қойнауын пайдаланушылардың

қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

10) іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;

11) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

12) ғылыми-техникалық ақпаратты жинау, өндөу және талдау жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыратын ұйымды айқындауды;

13) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына "зерттеу университеті" мәртебесін беру қағидалары мен өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;

14) технологиялардың әзірлігі мен ұйымдардың технологиялық әзірлігі деңгейлерін айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

15) ұлттық ғылыми кеңестердің қызметін үйлестіреді;

16) салалық уәкілетті органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылатын жұмысын үйлестіреді;

17) ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған шығыстардың нормалары мен ұлгілік шарттарды әзірлейді және бекітеді;

18) "Үздік ғылыми қызметкер" жыл сайынғы сыйлығын беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

19) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын (бұдан әрі – ғылымды қаржыландыру қағидалары) әзірлейді және бекітеді;

20) бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады;

21) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде қалыптастырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қоспағанда, бюджет қаражаты

есебінен қаржыландырылатын орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жөніндегі есептерді бекітеді және жариялады;

22) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларының іске асырылуына мониторингті жүзеге асырады;

23) бюджет қаражаты есебінен және берілетін салықтық жеңілдіктер шеңберінде қаржыландырылатын ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

24) аса маңызды және кеңінен қолданылатын өнертабыстар авторларына арналған жыл сайынғы конкурстарды өткізеді;

25) ғылыми әдептің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26) ғылыми тағылымдамаларды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыратын ұйымды (әкімшіні) айқындайды;

27) мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

28) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

29) ұжымдық пайдаланымдағы ғылыми зертханалар туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді;

30) диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді;

31) дәрежелерді беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

32) үміткерлерді іріктеу және олардың ғылыми тағылымдамалардан өту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

33) ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

34) еңбегіне ақы төлеу базалық қаржыландыру шеңберінде жүзеге асырылатын жетекші ғалымдарға қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

35) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға қорғалған диссертацияларды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

36) ғылыми бағыттар сыныптауышын әзірлейді және бекітеді;

37) ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

38) апелляциялық комиссия туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

39) ғылыми-техникалық кеңес туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді;

40) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

41) коммерцияландыру жобаларына мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама, сараптама жүргізу, сұралатын қаржыландыру көлемі сомасының негізділігіне бағалау

жүргізу бойынша қазақстандық сарапшылар көрсететін қызметтер құнының әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

42) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын орындау және аяқтау сатыларында олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

43) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруды қолдана отырудың көрсетілетін қызметтері құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

44) осы Заңның және Қазақстан Республикасы заңнамасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

45) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## **7-бап. Салалық уәкілетті органның құзыреті**

Салалық уәкілетті орган:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет саласында ұсыныстар әзірлеуге және мемлекеттік саясатты, ғылым және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы ғылыми-технологиялық саясатты іске асыруға, тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіруге қатысады;

2) тиісті салада іргелі және (немесе) қолданбалы ғылыми зерттеудердің басым бағыттарын қалыптастыруға қатысады;

3) ғылыми-техникалық кеңесті құрады және оның ережесін бекітеді;

4) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастырады және олардың тиісті салада іске асырылуын жүзеге асырады;

5) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, тиісті салада орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жөніндегі есептерді бекітеді;

6) ұлттық ғылыми кеңестердің құрамдарына қосу үшін кандидатуралар бойынша ұсыныстарды уәкілетті органға енгізеді;

7) базалық қаржыландыру субъектілері мен іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың тізбелерін қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті органға енгізеді;

8) ғылымды қаржыландыру қағидаларын әзірлеуге қатысады;

9) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларының іске асырылуына мониторингті жүзеге асырады;

10) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын өзірлеуге қатысады;

11) ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережені өзірлеуге қатысады;

12) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## **8-бап. Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының ғылым, ғылыми-техникалық қызмет саласындағы құзыреті**

Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ғылым, ғылыми-техникалық қызмет саласында:

1) өнірде ғылымды дамытудың басым бағыттарын айқындайды және өнірде іске асырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыруды ұйымдастырады;

2) ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында ұсыныстар өзірлеуге және мемлекеттік саясатты іске асыруға, өнірде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіруге қатысады;

3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясатты тиісті аумақта жүргізуді қамтамасыз етеді;

4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің гранттары мен инвестицияларын тарту бойынша жәрдем көрсетеді, оларды қоса қаржыландыруға қатысады;

5) өнім шығаруды және (немесе) жаңа технологияларды ендіруді жүзеге асыратын бірлескен өндірістер құру мақсатында жеке кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерімен өзара іс-қимыл жасаудың қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

6) жеке кәсіпкерлік (оның ішінде шетелдік субъектілердің), квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерімен өзара іс-қимыл жасаудың қамтамасыз ету үшін облыстарда, респубикалық маңызы бар қалалар мен астанада ғылым жөніндегі кеңестерді құрады;

7) қызметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру (практикада қолдану) болып табылатын занды тұлғаларды, оның ішінде стартап-компанияларды құруға және (немесе) олардың жарғылық капиталына қатысады;

8) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларының іске асырылуына мониторингті жүзеге асырады;

9) уәкілетті органмен және салалық уәкілетті органдармен бірлесіп, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды әдістемелік қамтамасыз етуге қатысады;

10) ғылымды дамытудың басым бағыттары жөнінде ұсыныстар енгізеді;

11) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік тапсырысы шеңберінде қолданбалы ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар әзірлеуді және олардың іске асырылуын жүзеге асыруды ұйымдастырады;

12) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік тапсырысы шеңберінде орындалған қолданбалы ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жөніндегі есептерді бекітеді.

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асырады.

Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік тапсырысы шеңберінде қолданбалы ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру және олар бойынша есептерді бекіту тәртібі ғылымды қаржыландыру қағидаларына сәйкес белгіленеді.

### **3-тaraу. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ СУБЪЕКТИЛЕРИ**

#### **9-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері болып табылады.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілеріне шығармашылық еркіндікке, жосықсыз бәсекелестіктен қорғауга, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметке қатысуға, оның ішінде бюджет қаражаты есебінен және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға арналған конкурстарға қатысуға тең құқыққа кепілдік беріледі және олар қамтамасыз етіледі.

3. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және шарттарда зияткерлік

меншік объектілерін сату немесе сатуға ұсыну құқығын қоса алғанда, оларды пайдалануға құқығы бар.

4. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерді болғызбау жөніндегі қызметі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ғылыми және өндірістік қызметте пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық және жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу жөніндегі қызметі Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері болып табылатын, халықаралық шарттар шеңберінде іске асырылатын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің ғылыми, ғылыми-техникалық жобалары мен бағдарламаларын жүзеге асыратын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ғылыми-білім беру консорциумдарын құруға құқылы.

#### **10-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын ғылыми ұйымдармен, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен еңбек қатынастарында тұратын ғылыми қызметкерлер, инженерлік-техникалық және өзге де жұмыскерлер, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті өз бетінше жүзеге асыратын ғалымдар ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар болып табылады.

2. Жеке тұлғалардың ғылымды қаржыландыру қағидалары мен конкурс шарттарына сәйкес бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар конкурстарына қатысуына құқығы бар.

#### **11-бап. Ғылыми ұйымдар**

1. Қызметінің негізгі түрлері ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыру, оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықты іске асыру, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізу болып табылатын заңды тұлға ғылыми ұйым болып табылады.

Ғылыми ұйым жаңынан консультативтік-кеңесші органдар құрылуы мүмкін.

2. Мемлекеттік меншік құқығына негізделген ғылыми ұйымдар мемлекеттік ғылыми ұйымдар болып табылады.

Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі ғылыми ұйымдар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларға дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде тиесілі ғылыми ұйымдар мемлекеттік ғылыми ұйымдарға теңестірілген ғылыми ұйымдар болып табылады. Жанама тиесілілік өзге заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы әрбір келесі тұлғаға тиесілі болатынын білдіреді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы жалғыз жоғары ғылыми ұйым болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы өз қызметін ғылымның аса маңызды бағыттары бойынша жүргізілетін іргелі және (немесе) қолданбалы ғылыми зерттеулердің сабактастырын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

4. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет саласында жұмыс істейтін академиялар, қоғамдық бірлестіктер болып табылатын ғалымдардың шығармашылық одақтары ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық саясатты іске асыруға, ғылымды дамытудың басым бағыттарын әзірлеуге, ғылыми сыйлықтар алуға ұсынылған ғылыми зерттеулер мен жұмыстарды ғылыми-техникалық сараптауға қатысады, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін ғалымдарды кәсіби жұмылдыру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

## **12-бап. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ғылыми қызметі**

1. Білім беру қызметімен қатар ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық, инновациялық қызмет, оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықты іске асыру, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимы жүзеге асыратын қызметтің негізгі түрлері болып табылады.

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, сондай-ақ олардың ғылыми қызметкерлерінің ұжымдық пайдаланымдағы ғылыми зертханалар көрсететін қызметтерді пайдалануға, бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға арналған конкурстарға қатысуға тең құқығы бар.

3. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары оқу-білім беру процесіне ғылымның озық жетістіктерін ендірумен қатар оқыту

процесіне ғылыми, ғылыми-зерттеу ұйымдарының ғалымдарын, оның ішінде шетелдік ғалымдарды тартуға құқылы.

4. Мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен ғылыми зертханаларды, ғылыми-зерттеу институттарын, тәжірибелік өндірістерді, жобалық-конструкторлық ұйымдарды, сондай-ақ ғылыми-білім беру консорциумдарын құруға құқылы.

5. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі зерттеу университеті мәртебесін бере алады.

### **13-бап. Зерттеу университеті**

1. Зерттеу университеті Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен университетті дамыту бағдарламасын іске асыратын және іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен өзге де ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға және ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске ендіруге қатысатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы болып табылады.

2. Зерттеу университетінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет пен білім беру процесін интеграциялау;

2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру және ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске ендіру жөніндегі қызмет.

3. Зерттеу университеті жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының стандарттарын өз бетінше әзірлейді және іске асырады. Білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарына және оларды менгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттарда белгіленетін тиісті бағдарламаларынан төмен бола алмайды.

4. Зерттеу университеті жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау кезінде бейіндік бағыттың қосымша талаптарын белгілеуге құқылы.

### **14-бап. Ғылым саласындағы өзге де ұйымдар**

Қызметінің негізгі түрі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет болып табылмайтын ұйымдар өздерінің құрылтай құжаттарында бекітілген міндеттерді шешу мақсатында өз құрылымында ғылыми бөлімшелер құруға құқылы.

#### **4-тaraу. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ, ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘЗІРЛІК ДЕНГЕЙІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР**

##### **15-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясын (бұдан әрі – Ұлттық ғылым академиясы) Қазақстан Республикасының Үкіметі жоғары ғылыми ұйым нысанында құрады.

2. Ұлттық ғылым академиясы өз құрамында уәкілетті орган айқындаған тәртіппен сайланатын Ұлттық ғылым академиясына мүше жеке тұлғаларды біріктіреді.

3. Ұлттық ғылым академиясы:

1) әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің басым бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы стратегиялық, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын айқындау жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдайды;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңеске уәкілетті орган ұсынған ғылым мен технологияларды дамытудың стратегиялық басым бағыттарына талдау жүргізеді;

3) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру үшін Жоғары ғылыми-техникалық комиссияға ұсынған ғылыми-техникалық тапсырмаларға сараптама жүргізеді;

4) ғылымды дамыту бойынша форсайттық (болжамдық) зерттеулер дайындауды және жүргізуді жүзеге асырады;

5) ғылым саласында атаулы сыйлықтар мен стипендиялар алуға конкурстар өткізеді ;

6) ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында ғылыми зерттеулер жүргізеді;

7) ғылыми журналдар шығарады;

8) халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға қатысады;

9) ғылымды танымал етуге қатысады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4. Ұлттық ғылым академиясының басқару органдары мыналар болып табылады:

1) жоғары орган – қамқоршылық кеңес (бұдан әрі – кеңес);

2) өкілді орган – Ұлттық ғылым академиясы академиктерінің жалпы жиналышы (бұдан әрі – жиналыш);

3) консультативтік-кеңесші орган – төралқа (бұдан әрі – төралқа);

4) атқарушы орган – басқарма (бұдан әрі – басқарма).

Ұлттық ғылым академиясының басқару органдары, олардың құрылымы, құзыреті, басқару органдарын қалыптастыру тәртібі, олардың мүшелерінің өкілеттік мерзімдері, олардың шешімдер қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен Ұлттық ғылым академиясының жарғысында (бұдан әрі – жарғы) белгіленеді.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындағын адам кеңес төрағасы болып табылады.

Кеңестің айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Ұлттық ғылым академиясының стратегиясы мен даму жоспарын бекіту, Ұлттық ғылым академиясының оларды іске асыру барысы туралы есептерін қарау;

2) ғылым және ғылыми-технологиялық саясат саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға жәрдемдесу;

3) Ұлттық ғылым академиясы қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

4) Ұлттық ғылым академиясының қызметін жүзеге асыру, Ұлттық ғылым академиясының басқару органдары қабылдаған шешімдерді орындау мәселелері жөніндегі ақпаратты қарау, сондай-ақ Ұлттық ғылым академиясының қамқоршылық кеңесінің отырыстарында (жиналыстарында) мәселелерді қараудың қорытындылары бойынша Ұлттық ғылым академиясының өзге де басқару органдарына арналған ұсынымдарды тұжырымдау;

5) Ұлттық ғылым академиясы қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты қарау, осындай ақпаратты қараудың қорытындылары бойынша ұсынымдарды тұжырымдау.

Кеңес Қазақстан Республикасының заңнамасында, кеңес туралы жарғы мен ережеде белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыра алады.

6. Кеңес мүшелерінің саны бес адамнан кем болмауға тиіс. Атқарушы органның мүшелері кеңеске сайланған алмайды.

7. Кеңес отырысы жылына кемінде бір рет өткізіледі. Кезектен тыс отырыс басқарманың шешімі бойынша не кеңес мүшелерінің кемінде жиырма пайызының талап етуі бойынша өткізіледі.

8. Кеңес мүшелері алдағы отырыс туралы кемінде үш күн бұрын хабардар етілуге тиіс.

9. Отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің кемінде жиырма пайызының талап етуі бойынша шешім қабылдау жасырын дауыс беру арқылы жүргізіледі.

10. Кеңес отырысын – төраға, ол болмаған кезде кеңес мүшелерінің бірі жүргізеді.

11. Кеңестің шешімі кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады.

12. Жиналыс Ұлттық ғылым академиясының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

13. Ұлттық ғылым академиясының бірінші басшысы жиналыс төрағасы болып табылады.

Жиналыстың құрамына уәкілетті орган айқындайтын Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау қағидалары мен өлшемшарттарына сәйкес сайланған Ұлттық ғылым академиясының академиктері кіреді.

Жиналыстың сандық құрамы мен өкілеттік мерзімдері жарғыда белгіленеді.

14. Жиналыстың айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) өтпелі төралқа мүшелерін қоспағанда, Ұлттық ғылым академиясының академиктерін, Ұлттық ғылым академиясы төралқасының мүшелерін сайлау;

2) құрметті атақтар мен наградалар беру;

3) Ұлттық ғылым академиясының стратегиясы мен даму жоспары жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдау;

4) Ұлттық ғылым академиясының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет жобаларына қатысуы жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

5) Ұлттық ғылым академиясы академиктерінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметі нәтижелерін, Ұлттық ғылым академиясының құрылымдық бөлімшелері басшылары мен жекелеген ғалымдардың баяндамаларын тындау және талқылау;

6) Ұлттық ғылым академиясы қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдау.

Жиналыс Қазақстан Республикасының заңнамасында және жарғыда белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыра алады.

15. Жиналысты төраға жарғыда белгіленген мерзімдерде шақырады.

16. Жиналыс отырысына жиналыс мүшелерінің көпшілігі қатысқан кезде ол құқықтық құші бар деп танылады.

17. Жиналыс төрағасының құқықтары мен міндеттері жарғыда белгіленеді.

18. Жиналыс мүшелерінің немесе оның төрағасының әрекеттеріне жиналыс отырысында шағым жасалуы мүмкін.

Жиналыс ұсынымдарын төралқа мен басқарма қарауға міндетті болып табылады.

19. Жиналыстың қызметін төралқа қамтамасыз етеді.

Ұлттық ғылым академиясының бірінші басшысы төрағасы болып табылады

Төралқа жиналыс отырысында кемінде үш жыл мерзімге сайланады және қызметін жиналыс атынан жүзеге асырады.

Өтпелі төралқаны қоспағанда, төралқа жиналыстың шешімімен құрылады.

20. Төралқаның айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Ұлттық ғылым академиясының академиктерін сайлау рәсімдерін ұйымдастыру;

- 2) кеңес, жиналыс қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету;
  - 3) Ұлттық ғылым академиясының академигі бағдарламасының орындалуына мониторингті жүзеге асыру;
  - 4) Ұлттық ғылым академиясы басылымдарының (журналдарының, монографияларының) жоспарын қарau және бекіту;
  - 5) Ұлттық ғылым академиясы академиктерінің төсбелгілерін, ғылыми сыйлықтар, құрметті атақтар, наградалар (медальдар) және куәліктер бекітуге ұсынымдарды тұжырымдау;
  - 6) ғылым жөніндегі жыл сайынғы ұлттық баянданының орындалуын үйлестіру.
- Төралқа Қазақстан Республикасының заңнамасында және жарғыда белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыра алады.
21. Төралқа құрамына сайланған адамдар қатарынан екі ретten артық қайта сайлана алмайды.
- Төралқа отырыстары тоқсанына кемінде бір рет шақырылады.
- Отырыс кеңестің, жиналыстың бастамасы бойынша не талап етуі бойынша шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап үш күннен кешіктірілмей шақырылуы мүмкін
- Төралқа отырыстарын өткізуі ұйымдастыруды және оның шешімдерінің орындалуын басқарма қамтамасыз етеді.
22. Ұлттық ғылым академиясының ағымдағы қызметіне басшылықты басқарма жүзеге асырады. Ұлттық ғылым академиясының бірінші басшысы басқарма төрағасы болып табылады.
- Басқарма кеңес, жиналыс және төралқа шешімдерінің негізінде және оларды орындау үшін әрекет етеді және оларға есеп береді.
23. Басқарманың сандық құрамы мен өкілеттік мерзімі жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.
- Басқарма отырысын төраға жарғыда белгіленген мерзімдерде шақырады.
24. Басқарма отырысына басқарма мүшелерінің көвшілігі қатысқан кезде ол құқықтық күші бар деп танылады.
25. Басқарма төрағасының құқықтары мен міндеттері жарғыда белгіленеді.
26. Басқарманың айрықша құзыретіне мыналар жатады:
- 1) Ұлттық ғылым академиясының ұйымдық құрылымы мен штат санын әзірлеу және кеңестің бекітуіне ұсыну;
  - 2) Ұлттық ғылым академиясының даму жоспарын және оның орындалуы туралы есептерді әзірлеу және кеңестің бекітуіне ұсыну;
  - 3) кеңестің, жиналыстың, төралқа шешімдерінің орындалуын үйімдастыру;
  - 4) Ұлттық ғылым академиясының ғылыми жетістіктері және қызметінің өзге де нәтижелері туралы басқарма есебін бекіту;

5) Ұлттық ғылым академиясының филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олардың қызметі туралы ережелерді бекіту.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасында және жарғыда белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыра алады.

27. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толған Ұлттық ғылым академиясының академигіне Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мөлшерде және тәртіппен өмір бойғы ай сайынғы стипендия белгіленеді.

28. Ұлттық ғылым академиясының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.

## **16-бап. Технологиялардың әзірлік деңгейі**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, оның нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі конкурсқа ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ұсынған ғылыми зерттеулер кезеңінің әзірлену мен аяқталу дәрежесін бағалау технологиялардың әзірлік деңгейі болып табылады.

2. Ғылыми зерттеулер кезеңінің пысықталу мен аяқталу дәрежесін бағалау ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу барысында технологиялардың әзірлік деңгейін айқындау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

3. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің қолда бар материалдық, техникалық және кадрлық ресурстарының жай-күйін бағалау ұйымдарға аккредиттеу жүргізу барысында олардың технологиялық әзірлік деңгейін айқындау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

## **17-бап. Ғылыми-техникалық кеңестер**

1. Реттелетін салалардағы салалық уәкілетті органдардың, ғылыми ұйымдар мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жанынан ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың басым бағыттары жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау, сондай-ақ ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды бағалау мақсатында ғылыми-техникалық кеңестер құрылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шенберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын

Ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды салалық уәкілетті органдар жанындағы ғылыми-техникалық кеңестер қарайды.

## **5-тaraу. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУ**

### **18-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті басқару**

Стратегиялық, сараптамалық және әкімшілік функциялардың бөлінуін сақтай отырып, Қазақстан Республикасында ұлттық ғылыми жүйені дамыту және оның жұмыс істеуі мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті басқаруды:

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 3) Жоғары ғылыми-техникалық комиссия;
- 4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Технологиялық саясат жөніндегі кеңес;
- 5) апелляциялық комиссия;
- 6) ұлттық ғылыми кеңестер;
- 7) уәкілетті орган;
- 8) салалық уәкілетті органдар;
- 9) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

### **19-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті басқару қағидаттары**

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті басқару мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің басымдығы;
- 2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ашықтығы, объективтілігі және теңдігі;
- 3) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға сараптама жасаудың объективтілігі мен тәуелсіздігі;
- 4) ғылыми зерттеулердің экономикалық тиімділігі мен нәтижелілігі;
- 5) ғылымды, білім беру мен өндірісті интеграциялау;
- 6) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды ынталандыру;
- 7) технологиялар трансфері.

### **20-бап. Жоғары ғылыми-техникалық комиссия**

1. Жоғары ғылыми-техникалық комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, мемлекеттік органдардың, Ұлттық ғылым академиясының басшылары, жетекші ғалымдар, білімнің әртүрлі салаларының сарапшылары, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық даму институттарының, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және республикалық ғылыми қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатарынан қалыптастырылады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

3. Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті дамытуға бағытталған стратегиялық міндеттер мен басымдықтарды қалыптастыру;

2) ғылымды дамытудың басым бағыттарын айқындау;

3) ғылым бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы басым ғылыми зерттеулерді айқындау;

4) ұлттық ғылыми кеңестердің ұсыныстарын қарau;

5) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шенберінде қалыптастырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қоспағанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметке бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру көлемдерін айқындау және ғылымды дамытудың басым бағыттары бойынша бөлу, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды қаржыландыру көлемдерін айқындау;

6) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру үшін ғылыми-техникалық тапсырмаларды айқындау;

7) іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ұйымдардың тізбесін айқындау.

## **21-бап. Апелляциялық комиссия**

1. Апелляциялық комиссия алқалы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Апелляциялық комиссияның құрамы уәкілетті органның, салалық уәкілетті органдардың, ғылыми қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, сарапшылар, сондай-ақ Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның ғалым болып табылатын мүшелерінің қатарынан қалыптастырылады.

Апелляциялық комиссияның тәрағасы апелляциялық комиссия мүшелерінің қатарынан сайланады.

3. Конкурстарға қатысушылардың жолданымдары мен уәкілетті органның ұсынымдарын, оның ішінде ғылыми әдеп қағидаларын сақтау мәселелерін қарau тәртібі апелляциялық комиссия туралы ережеде белгіленеді.

4. Апелляциялық комиссияның шешімдерін ұлттық ғылыми кеңестер, уәкілетті орган және (немесе) салалық уәкілетті органдар не уәкілетті орган айқындаған, ғылыми

және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды қаржыландыратын занды тұлғалар міндетті түрде орындауға тиіс.

5. Апелляциялық комиссияның жұмыс органын үәкілетті орган айқындауды.

## **22-бап. Ұлттық ғылыми кеңестер**

1. Ұлттық ғылыми кеңестер уәкілетті органның жаңынан ғылым бағыттары бойынша құрылған алқалы органдар болып табылады.

2. Ұлттық ғылыми кеңестердің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған басымдықтарға сәйкес мамандандырылған ғылыми бағыттарды қалыптастыру;

2) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін бөлінетін қаржыландыру нысандары мен көлемдерін айқындау;

3) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың қорытындыларын ескере отырып, ұсынылып отырған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын, ғылыми-техникалық деңгейін, перспективалығын, әзірлену дәрежесін, технологиясының әзірлік деңгейін, олардың арнаулы бағыттарға немесе техникалық тапсырмаларға сәйкестігін, сұралатын қаржыландыру көлемінің экономикалық түрғыдан негізділігін бағалау;

4) Қазақстан Республикасының жаңа ғылыми бағыттардағы қажеттіліктерін бағалау ;

5) бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын конкурсстық іріктеуді жүзеге асыру;

6) Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы ұсынатын, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы аралық және қорытынды есептерді, сондай-ақ ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының іске асырылуын мониторингтеу қорытындыларын қарау, осындай есептер мен мониторингтеу қорытындыларын қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдау.

3. Уәкілетті орган ұлттық ғылыми кеңестердің құрамдарын салалық үәкілетті органдардың, ғылыми ұйымдардың, жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйымдарының және ғылыми қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстары мен ұсынымдары бойынша мемлекеттік органдар өкілдерінің, құзыретті қазақстандық және шетелдік ғалымдардың қатарынан, бұл ретте әрбір ұлттық ғылыми кеңес құрамының

кемінде үштен бірін мемлекеттік органдардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық даму институттарының, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өкілдері қатарынан қалыптастырады.

**4. Ұлттық ғылыми кеңестер ашық дауыс беру арқылы:**

ғылыми-зерттеу жұмыстарының, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстардың ғылыми, ғылыми-техникалық жобалары мен бағдарламаларын;

ғылыми-зерттеу жұмыстары, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар бөлігіндегі басқа да бағдарламаларды;

Қазақстан Республикасының ғылыми мекемелерінің, ұйымдары мен кәсіпорындарының қатысуымен іске асырылатын мемлекетаралық ғылыми-техникалық бағдарламалардың жобаларын;

ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын уәкілетті орган айқындаған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды қаржыландыратын занды тұлғалардың немесе тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет шенберіндегі бюджет қаражаты есебінен гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (қаржыландыруды тоқтату), іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру (қаржыландыруды тоқтату) туралы шешімдер қабылдайды.

**5. Ұлттық ғылыми кеңестер ашық дауыс беру арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыру (сатып алу) туралы техникалық тапсырма (шарт) және есеп, кәсіпкерлік субъектілерінің қаражаты есебінен ғылыми орталықтар үшін сатып алғынған жабдықты пайдалануға беру актісі бар техникалық тапсырма (шарт) және есеп бойынша шешім қабылдайды.**

**6. Ұлттық ғылыми кеңестердің шешімдерін уәкілетті орган және салалық уәкілетті органдар міндетті түрде орындауға тиіс.**

**7. Ұлттық ғылыми кеңестердің мүшелері нақты мәселелерді қарau кезінде өздеріне мәлім болған мұдделер қақтығысы туралы кеңесті хабардар етуге міндетті және кеңес қабылдайтын шешімдердің объективтілігі мен негізділігі үшін жауапты болады.**

**8. Ұлттық ғылыми кеңестер ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы аралық және қорытынды есептерді қабылдайды.**

**9. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы Ұлттық ғылыми кеңестердің мүшелері болып табылатын қазақстандық және шетелдік ғалымдардың іссапар шығыстарын қоса алғанда, ұлттық ғылыми кеңестердің қызметін ұйымдастыруды бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.**

**10. Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ереженің құрылымына ұлттық ғылыми кеңестер мүшелерінің ғылыми әдеп қағидалары кіреді.**

Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің ұлттық ғылыми кеңестер мүшелерінің ғылыми әдеп қағидаларының талаптары мен ережелерін бұзыу оны ұлттық ғылыми кеңестің құрамынан шығаруға негіз болып табылады.

## **23-бап. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы**

1. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобалары сараптамасын әкімшілендірудің бірыңғайлығын, оның тәуелсіздігін, ашықтығы мен жариялыштығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығын құрады.

2. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері іске асыратын, бюджет қаражаты және (немесе) кәсіпкерлік субъектілерінің, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

2) ұлттық ғылыми кеңестердің жұмысын ұйымдастыруды және ұлттық ғылыми кеңестердің мүшелері туралы ақпаратты өз интернет-ресурсында орналастыруды жүзеге асырады;

3) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың (есептердің), сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамасы нәтижелерінің қорытындыларын және сараланған тізімдерін ұлттық ғылыми кеңестерге жібереді;

4) орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың (есептердің), сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының нәтижелерін бағалайды;

5) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын орындау және аяқтау сатыларында олардың іске асырылуын мониторингтеуді және оның қорытындыларын ұлттық ғылыми кеңестерге жіберуді жүзеге асырады;

6) қазақстандық және шетелдік сарапшылардың құрамын сапалы іріктеуді қамтамасыз етеді;

7) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға сараптама жүргізу үшін Қазақстан

Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, қазақстандық ғалымдар қатарынан сарапшылар құрамын іріктеуді жүзеге асырады;

8) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы әдістемелік және ұйымдастырушылық-техникалық түрғыдан қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

9) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының деректер банктерін қалыптастырады, сондай-ақ ғылыми-техникалық ақпаратты жинау, өндөу және талдау жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асырады;

10) өз қызметін жетілдіру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді;

11) бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алуды жүзеге асырады.

3. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардан, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінен функцияларды жүзеге асуру және өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

2) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша түсініктемелер беруге;

3) ғылыми зерттеулерге сараптама жүргізу және мониторингті жүзеге асуру үшін белгіленген тәртіппен өзге де ұйымдарды, қазақстандық және (немесе) шетелдік ғалымдарды тартуға;

4) белгіленген тәртіппен шетелдік ғылыми ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға;

5) ғылыми-техникалық қызмет саласында консультативтік-кеңесші органдар құруға ;

6) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті дамыту мәселелері жөніндегі іс-шараларды өткізуге;

7) баспа қызметін жүзеге асуруға құқығы бар.

4. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

#### **24-бап. Ғылыми-техникалық ақпаратты жинау, өндөу және талдау**

1. Ғылыми-техникалық ақпаратты жинау, өндөу және талдау ғылыми жетістіктерді, инновациялар мен жаңа технологиялар нарығын мониторингтеу, олардың бейімделу

әлеуетін бағалау және оларды өнеркәсіп салалары, өнеркәсіп субъектілері бөлінісінде озық технологиялармен және ғылыми ұйымдардың технологиялық әзірлік деңгейімен сәйкестендіру үшін жүзеге асырылады.

2. Ғылыми-техникалық ақпаратты жинау, өндеу және талдау мынадай мақсаттарда іске асырылады:

1) ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді мемлекеттік ынталандыру шараларын жүйелі және ұзақ мерзімді жоспарлауды қамтамасыз ету;

2) ғылымды мемлекеттік ынталандыру шараларының қосылған құны жоғары тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру технологияларын әзірлеуге бағытталуы;

3) өнеркәсіптік өндірістердің технологиялығын арттыру үшін ғылыми-практикалық шешімдер іздестіру;

4) экономика секторларының ғылыми-технологиялық және сынақ базасын орнықты дамыту;

5) отандық технологияларды жасау және өндіріске ендіру және нарыққа шығару бойынша ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге әлеуетті тапсырыс берушіні айқындау;

6) тәжірибелік-конструкторлық, ғылыми-технологиялық және сынақ базасын дамыту үшін ғылыми инфрақұрылымды қолдау;

7) қосылған құны жоғары отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспорттық әлеуетін дамыту жағдайларын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдау.

3. Ғылыми-техникалық ақпаратты жинау, өндеу және талдау мыналарды қамтиды:

1) ғылыми жетістіктер, ноу-хау, инновациялар және зияткерлік меншік объектілері туралы ғылыми-техникалық ақпаратты жинауды, өндеуді және талдауды жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері арасында ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

3) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың (есептердің), сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының іске асырылуына және олардың нәтижелеріне кешенді талдау жүргізу;

4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды іске асуру нәтижелерінің деректер банктерін қалыптастыру;

5) ғылыми-техникалық ақпаратты талдауды әдістемелік және ұйымдық-техникалық түрғыдан қамтамасыз ету.

4. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің уәкілетті орган айқындастын тәртіппен "Қазақстан ғылымы" бірыңғай ақпараттық жүйесі немесе Ұлттық инновациялық жүйенің "бірыңғай терезесі" арқылы ғылыми-техникалық ақпаратты алуына құқығы бар.

5. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ғылыми зерттеулері мен әзірлемелерінің жоспарлары ғылыми жетістіктер мен инновациялар жөніндегі өзекті ақпарат ескеріле отырып іске асырылады.

## **25-бап. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама**

1. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын талдамалық бағалауды дайындау мақсатында сараптама қорытындыларының тәуелсіздігі, объективтілігі, құзыреттілігі, кешенділігі, анықтығы, толықтығы мен негізділігі қағидаттары бойынша жүзеге асырылады.

2. Бюджет қаражаты және (немесе) кәсіпкерлік субъектілерінің, жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен қаржыландыруға жататын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы құзыретті қазақстандық және шетелдік сарапшылар жүргізеді, олардың негізгі міндеттері ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-зерттеу қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын, ұсынылатын ғылыми-техникалық деңгейін, өзектілігін, перспективалығын, әзірлену дәрежесін, технологияларының әзірлік деңгейін және сұралатын қаржыландыру көлемінің экономикалық негізділігін ескере отырып, объектілерді сараптамалық бағалау болып табылады.

Қазақстандық және шетелдік ғалымдар мен сарапшыларды іріктеу олардың мамандануына және қаралатын өтінімге үлестес болмаған кезде ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының ерекшеліктеріне сәйкес ғылыми метрикалық көрсеткіштер негізінде үш жылға жүргізіледі.

3. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізуге сарапшыларды тарту үшін шетелдік сарапшылардың дерекқоры жасалады, олардың кандидатураларын шетелдік жетекші университеттер, ғылыми-зерттеу мекемелері, ғылым академиялары мен ғылыми қоғамдастықтар ұсынады.

4. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын бағалауға тартылған ғалымдар, сарапшылар, оның ішінде шетелдік ғалымдар, сарапшылар сараптамаға ұсынылған материалдардың құпиялышының сақтауға және коммерциялық құпиясының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

**26-бап. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы есептерді мемлекеттік есепке алу**

1. Іске асырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы есептерді мемлекеттік есепке алу ғылыми-техникалық ақпараттың ұлттық ресурсын қалыптастыру және Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық әлеуетінің серпінін мониторингтеу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері бюджет қаражаты есебінен және (немесе) жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шенберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алуға ұсынуға міндетті.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шенберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобалары және олардың орындалуы жөніндегі есептер құпия ақпаратты және коммерциялық құпияны ашпайтын нысанда ұсынылады.

3. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін комерцияландыру жобаларын, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы есептерді мемлекеттік есепке алушы қамтамасыз етеді және уәкілетті орган мен салалық уәкілетті органды хабардар етеді.

4. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды орындау жөніндегі есептерді қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды орындау жөніндегі есептер уәкілетті орган мен салалық уәкілетті органдардың интернет-ресурстарында орналастырылуға жатады.

**27-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері еркіті аккредиттеу рәсіміне жатады. Мемлекеттік қаржыландыруға қатысатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері міндетті аккредиттеу рәсіміне жатады

2. Уәкілетті орган ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеуді олардың технологиялық әзірлік деңгейін ескере отырып, олардың қаражаты есебінен жүзеге асырады.

## **28-бап. Ғылыми қызметкерлерге еңбекақы төлеу**

1. Мемлекеттік тапсырысты орындайтын мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ғылыми қызметкерлеріне еңбекақы төлеу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

2. Іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды базалық қаржыландыру және қаржыландыру шеңберінде немесе гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобалары бойынша бекітілген сомалар шегінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын ғылыми қызметкерлерге тиісті дипломы немесе білім туралы құжатты тану туралы куәлігі болған кезде негізгі жұмыс орны бойынша:

философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі үшін республикалық бюджет туралы занда белгіленген және тиісті қаржы жылышының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 17 еселенген мөлшерінде;

философия докторы дәрежесі (PhD) және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы, бейіні бойынша доктор дәрежесі және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы үшін республикалық бюджет туралы занда белгіленген және тиісті қаржы жылышының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 25 еселенген мөлшерінде;

ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі үшін республикалық бюджет туралы занда белгіленген және тиісті қаржы жылышының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 17 еселенген мөлшерінде, ғылым докторы ғылыми дәрежесі үшін айлық есептік көрсеткіштің 34 еселенген мөлшерінде;

ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы үшін республикалық бюджет туралы занда белгіленген және тиісті қаржы жылышының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 25 еселенген мөлшерінде, ғылым докторы ғылыми дәрежесі және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы үшін айлық есептік көрсеткіштің 42 еселенген мөлшерінде;

философия докторы (PhD) дәрежесі және профессор ғылыми атағы, бейіні бойынша доктор дәрежесі және профессор ғылыми атағы үшін республикалық бюджет туралы

занда белгіленген және тиісті қаржы жылышын 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 50 еселенген мөлшерінде;

ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі және профессор ғылыми атағы, ғылым докторы ғылыми дәрежесі және профессор ғылыми атағы үшін республикалық бюджет туралы занда белгіленген және тиісті қаржы жылышын 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 50 еселенген мөлшерінде ай сайынғы қосымша ақы белгіленеді.

3. Ғылыми зерттеулерді аккредиттелген ғылыми ұйымдармен немесе жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен бірлесіп Қазақстан Республикасының аумағында орындайтын шетелдік ғалымдарға, сондай-ақ өз қызметін шетелде жүзеге асыратын қазақстандық ғалымдарға еңбекақы төлеу олардың біліктілігі ескеріле отырып, шарт негізінде жүргізіледі.

## 29-бап. Ғылыми қызметкерлердің демалысы

1. Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың және мемлекеттік ұйымдарға теңестірілген ғылыми ұйымдардың ғылыми қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге арналған өздеріндегі қолда бар қаражат шегінде бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төленіп, ғылым докторларына ұзақтығы күнтізбелік елу алты күн, ғылым кандидаттарына, философия докторларына (PhD), бейіні бойынша докторларға күнтізбелік қырық екі күн, өзге ғылыми қызметкерлерге күнтізбелік отыз бес күн ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі.

2. Ұжымдық шартта белгіленген жағдайларда, мемлекеттік ұйымдарға теңестірілген ғылыми ұйымдардың ғылыми қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге арналған өздеріндегі қолда бар қаражат шегінде екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысы төленіп, ұзақтығы күнтізбелік отыз күн ақы төленетін жыл сайынғы демалыс берілуі мүмкін.

3. Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың ғылыми қызметкерлеріне жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі жетекші білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтар мен зертханаларда, оның ішінде шетелде біліктілігін арттыру, тағылымдамадан өту мақсатында бір жылға дейінгі мерзімге демалыс беріледі. Бұл ретте демалыс уақытында бұл адамның жалақысы сақталмай жұмыс орны мен лауазымы сақталады.

4. Демалыс беру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және мемлекеттік ғылыми ұйымдардың ішкі құжаттарында белгіленеді.

5. Уәкілетті орган айқындастын халықаралық рецензияланатын баспаларда (журналдарда) ғылыми еңбектерді дайындау мен жариялауды қоса алғанда, ғылыми және ғылыми-педагогикалық сипаттағы жұмыстарды аяқтау мақсатында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда жұмыс істейтін жетекші ғалымдардың осы ұйымда кемінде бес жылды құрайтын

ұздіксіз ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі болған кезде ұйымның өз қаражаты есебінен орташа жалақысы сақтала отырып, бір жылға дейінгі мерзімге шығармашылық демалыс алуға құқығы бар. Шығармашылық демалыс он жылда бір реттен көп берілмейді. Шығармашылық демалыс аяқталғаннан кейін жетекші ғалым осы ұйымда үш жыл жұмыспен өтеуге міндettі.

Жетекші ғалым шығармашылық демалыс кезеңінде өзге жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда ғылыми-педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асырған жағдайда, шығармашылық демалыс күшін жояды.

6. Шығармашылық демалыс беру, сондай-ақ жұмыспен өтеу немесе шығыстардың орнын толтыру тәртібі мен шарттары жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылыми ұйымдардың ішкі құжаттарында белгіленеді.

### **30-бап. Ғылыми қызметкерлерді әлеуметтік қорғау шаралары**

1. Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың, мемлекеттік ұйымдарға теңестірілген ғылыми ұйымдардың, мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзы мемлекетке тиесілі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзы мемлекетке тиесілі занды тұлғаларға дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзы тікелей не жанама түрде тиесілі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ғылыми-педагогикалық және (немесе) ғылыми-зерттеу жұмысында кемінде бес жыл еңбек өтілі бар ғылыми қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда тұрғын үй сатып ала алады немесе тұрғын үй жағдайын жақсарта алады.

2. Негізгі жұмыс орны ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері болып табылатын, ғылыми-педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмысында кемінде үш жыл еңбек өтілі бар қырық жастағы ғалымдарды қоса алғандағы жас ғалымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда тұрғын үй сатып ала алады немесе тұрғын үй жағдайын жақсарта алады.

3. Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың ғылыми қызметкерлері және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері деңсаулық сақтау ұйымдарында белгіленген тәртіппен медициналық қызмет көрсетуді пайдаланады.

4. Ғылыми қызметкерлерді зейнетақымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

### **31-бап. Ғылыми үйымдар мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының ғалымдарын, ғылыми қызметкерлерін көтермелеген шаралары**

1. Көтермелеген мақсатында ғылым мен техниканы дамытуға үлес қосқан ғылыми үйымдар мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының ғалымдары, ғылыми қызметкерлері:

1) Қазақстан Республикасының Президенті тағайындағы ғылым және техника саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығын алуға ұсынылуы;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынылуы;

3) ұздік ғылыми зерттеулері мен жұмыстары, ғылым саласындағы аса зор жетістіктері үшін жыл сайынғы сыйлықтарды алуға ұсынылуы;

4) мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылуы;

5) республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылдының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2000 еселенген мөлшерінде "Ұздік ғылыми қызметкер" жыл сайынғы сыйлығын алуға ұсынылуы мүмкін.

**Мемлекеттік ғылыми стипендиялар:**

мемлекет үшін басым бағыттарда іргелі және (немесе) қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуге, ғылыми кадрларды даярлауға белсене қатысатын ғалымдар мен ғылыми қызметкерлерге;

ғылыми проблемаларды шешу бойынша зерттеулер жүргізуге белсене қатысатын және ғылыми қоғамдастық мойындаған, қырық жастағы ғалымдарды қоса алғандағы жас ғалымдарға да берілуі мүмкін.

2. Сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар беруді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреттері шегінде уәкілетті орган мен салалық уәкілетті органдар жүзеге асырады.

3. Білім алушыларды, ғалымдарды, ғылыми қызметкерлерді, қырық жастағы ғалымдарды қоса алғандағы жас ғалымдарды көтермелеген шарасы ретінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің эндаумент-қорының инвестициялық кірісі қаражатынан стипендия төленуі мүмкін.

### **32-бап. Ғылыми, ғылыми-техникалық кадрларды даярлау, қайта даярлау және тағылымдамадан өткізу**

1. Жоғары білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ғылыми үйымдар, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары өздері үшін басым бағыттар бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және тағылымдамадан өткізуді жүзеге асыруға құқылы.

2. Ғылыми, ғылыми-техникалық кадрларды даярлау, қайта даярлау және тағылымдамадан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен отандық та, сол сияқты шетелдік те ғылыми ұйымдарда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

### **33-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне құқықтар**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің жеке кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауды шеңберінде жасалған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар, егер олардың арасындағы шартта өзгеше айтылмаса, оларға ортақ түрде тиесілі болады.

2. Егер шартта ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтардың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісіне тиесілі екені көзделсе, онда жеке кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектісінің бұл нәтижелерді өз өндірісінде пайдалануға өтеусіз айрықша емес лицензияға құқығы сақталады.

3. Бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері алған зияткерлік меншік объектілеріне құқық ғылыми ұйымдарға, егер олардың және зияткерлік меншік объектісінің авторы (авторлары) арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, тиесілі болады.

4. Мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар не мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтерді қамтитын зияткерлік меншік объектілерін пайдалану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды шектеуге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, шектерде және тәртіппен жол беріледі.

### **6-тaraу. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ**

#### **34-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыру**

1. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.

2. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

- 1) базалық қаржыландыру;
  - 2) гранттық қаржыландыру;
  - 3) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру;
  - 4) іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру.
3. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін қаржыландыру ғылымды қаржыландыру қағидаларында белгіленген тәртіппен және шарттарда бір мезгілде әртүрлі қаржыландыру нысандары бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға арналған шарт ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектісі немесе дербес білім беру ұйымы мен уәкілетті орган және (немесе) салалық уәкілетті орган не уәкілетті орган айқындаған, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыратын занды тұлғалар арасында оны іске асырудың бүкіл мерзіміне жасалады, бірақ ол бес жылдан аспауға тиіс.

### **35-бап. Базалық қаржыландыру**

1. Базалық қаржыландыру уәкілетті органда аккредиттелген және салалық уәкілетті орган айқындаған, олар үшін басым бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырманы және (немесе) мемлекеттік тапсырысты орындайтын мемлекеттік ғылыми ұйымдарға және мемлекеттік ұйымдарға теңестірілген ғылыми ұйымдарға, мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзы мемлекетке тиесілі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзы мемлекетке тиесілі занды тұлғаларға дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзы тікелей не жанама түрде тиесілі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына бөлінеді.

2. Іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың уәкілетті орган бекіткен тізбесіне енгізілген ғылыми ұйымдарға базалық қаржыландыру бөлінбейді.

Базалық қаржыландыру субъектілерін қаржыландыруды уәкілетті орган, салалық уәкілетті органдар бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет шеңберінде жүзеге асырады.

Базалық қаржыландыру бойынша бөлінген бюджет қаражатын пайдалану туралы есепті базалық қаржыландыру субъектілері уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға ұсынады.

Базалық қаржыландыру субъектісі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыру бойынша бөлінген бюджет қаражатын

пайдалану туралы есепте көрсетілетін ақпараттың анықтығы мен құқыққа сыйымды болуын қамтамасыз етеді.

Салалық уәкілетті органдар ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландырудың бюджет қаражатын пайдалану туралы жиынтық есепті уәкілетті органға ұсынады.

3. Базалық қаржыландыру ғылыми инфрақұрылымды және мүлікті, оның ішінде ғимараттарды, жабдықтар мен материалдарды ағымдағы қамтамасыз етуге, жетекші ғалымдарға, әкімшілік және қызмет көрсету персоналына еңбекақы төлеуге, сондай-ақ мемлекеттік ғылыми ұйымдардың, мемлекеттік ұйымдарға теңестірілген ғылыми ұйымдардың, мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзы мемлекетке тиесілі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзы мемлекетке тиесілі заңды тұлғағаларға дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзы тікелей не жанама түрде тиесілі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ғылыми-техникалық қызметін ақпараттық қолдан отыруға арналған базалық қаржыландыру нормалары бойынша шығыстарды қамтиды.

4. Базалық қаржыландыру субъектілері болып табылатын ұйымдар тізбесін салалық уәкілетті органдардың ұсыныстары негізінде уәкілетті орган қалыптастырады және бекітеді.

Соңғы екі жыл ішінде ғылыми зерттеулерді жүргізуге мемлекеттік тапсырма және (немесе) мемлекеттік тапсырыс алмайтын базалық қаржыландыру субъектілері базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесінен шығарылуға тиіс. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша жұмыстарды үшінші тұлға (бірлесіп орындаушылар) ретінде орындаі отырып, соңғы бес жыл ішінде ұздіксіз базалық қаржыландыруды алатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері базалық қаржыландыру субъектілерінің тізбесінен алып тасталуға жатпайды.

### **36-бап. Гранттық қаржыландыру**

1. Гранттық қаржыландыру ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының, ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейін, ғылыми-техникалық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға бөлінеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік тапсырысы шенберінде ғылыми және (

немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін гранттық қаржыландыруды жүзеге асырады.

2. Гранттық қаржыландыру ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажетті материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ғылыми зерттеулерді жүргізуге арналған шығыстарын қамтиды.

3. Уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган жүзеге асыратын гранттық қаржыландырудың негізгі бағыттары мен көлемдерін Жоғары ғылыми-техникалық комиссия Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттарына сәйкес ұлттық ғылыми кеңестердің ұсынымдарын ескере отырып бекітеді. Гранттық қаржыландыру көлемдері Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен Республикалық бюджет комиссияның қарауына жатады.

4. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдары тең шарттармен қатысады. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурс ғылымды қаржыландыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурсты уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган жариялайды және хабарландыру конкурс жариялаған уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

6. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдары гранттық қаржыландыруға қатысуға өтінімдерді конкурс жариялаған уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға береді.

7. Конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган берілген өтінімдерді тиісті ұлттық ғылыми кеңестің қарауы үшін Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығына жібереді.

Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы өтінімдерді қоспағанда, ұлттық ғылыми кеңестер қарайтын өтінімдер тізбесі Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

8. Гранттық қаржыландыру туралы шешімдерді ұлттық ғылыми кеңес шығарады және конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган бекітеді.

9. Гранттық қаржыландыруды конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган не уәкілетті орган айқындаған, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды қаржыландыратын занды тұлғалар жүзеге асырады.

10. Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы нәтижелерді қоспағанда, гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың нәтижелері конкурс жариялаған

уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның интернет-ресурстарында орналастырылуға жатады.

11. Ғылыми жобаның мақсаттарын өзгерту құқығының оның тиімді орындалуын және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуі қамтамасыз ету мақсатында жобаның ғылыми жетекшісінің қаражатты ғылымды қаржыландыру қағидаларына сәйкес күнтізбелік жылға бекітілген жалпы көлем шенберіндегі шығын баптары арасында қайта бөлуге құқығы бар.

### **37-бап. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру**

1. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру стратегиялық ғылыми зерттеулер жүргізуге бөлінеді және конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның шешімі бойынша конкурстан тыс рәсімдер арқылы макұлдануы мүмкін.

2. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажетті материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ғылыми зерттеулерді жүргізуге арналған шығыстарын қамтиды.

3. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру үйімдары, оның ішінде бірлесіп орындаушылар ретінде қатысады.

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысу мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар индустримальық-ғылыми технологиялық консорциумдар құруға құқылы.

4. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсты уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган жариялайды және хабарландыру конкурс жариялаған уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

5. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру үйімдары бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға қатысуға өтінімдерді конкурс жариялаған уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға береді.

Конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган берілген өтінімдерді тиісті ұлттық ғылыми кеңестің қарауы үшін Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығына жібереді.

Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы өтінімдерді қоспағанда, ұлттық ғылыми кеңестер қарайтын өтінімдердің тізбесі Ұлттық мемлекеттік

ғылыми-техникалық саралтама орталығының интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

6. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруға өтінімдерді Жоғары ғылыми-техникалық комиссияға жібереді.

7. Нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға арналған конкурс жеңімпаздары ұлттық ғылыми кенестердің шешімі негізінде айқындалады және оларды конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган бекітеді.

8. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган не уәкілетті орган айқындаған, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыратын заңды тұлға жүзеге асырады.

9. Егер консорциумға қатысушылар конкурс нәтижелері бойынша келісімге қол жеткізбесе, онда ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама жөніндегі бас ұйымды уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган айқындайды.

10. Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы нәтижелерді қоспағанда, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсының нәтижелері конкурсы жариялаған уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

11. Қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар, атом энергиясын пайдалану, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қорғаныс ғылымы саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоспағанда, жекеше әріптес тарапынан қоса қаржыландыруды тарту кезінде қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру тәртібі ғылымды қаржыландыру қағидаларында белгіленеді.

12. Ғылыми жобаның мақсаттарын өзгерту құқығынсыз оның тиімді орындалуын және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуі қамтамасыз ету мақсатында жобаның ғылыми жетекшісінің қаражатты ғылымды қаржыландыру қағидаларына сәйкес күнтізбелік жылға бекітілген жалпы көлем шеңберіндегі шығын баптары арасында қайта белуге құқығы бар.

### **38-бап. Іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру**

1. Іргелі зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың уәкілетті орган бекіткен тізбесіне енгізілген мемлекеттік ғылыми ұйымдарды және мемлекет жүз пайыз қатысатын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру археология, астрономия, астрофизика, атом энергиясы, шығыстану, өнер, тарих, мәдениет, әдебиет, математика және механика, білім беру, саясаттану, дінтану, әлеуметтану, философия, этнология, тіл білімі саласында және уәкілетті орган айқындайтын өзге де салаларда іргелі ғылыми зерттеулер жүргізуге бөлінеді.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың уәкілетті орган бекіткен тізбесіне енгізілген ғылыми ұйымдарды қаржыландыру бес жылдан аспайтын мерзімде іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу үшін ағымдағы, сондай-ақ материалдық-техникалық қамтамасыз етуге арналған шығыстарды қамтиды.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың тізбесіне енгізу үшін, сондай-ақ іргелі ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға өтінімдерді мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен мемлекет жүз пайыз қатысатын ғылыми ұйымдар уәкілетті органға жібереді.

Іргелі ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға берілген өтінімдерді уәкілетті орган Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығына және одан әрі тиісті ұлттық ғылыми кеңестердің қарауына жібереді.

Уәкілетті орган іргелі ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға өтінімдерді ұлттық ғылыми кеңестердің шешімдерімен бірге Жоғары ғылыми-техникалық комиссияға жібереді.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың уәкілетті орган бекіткен тізбесіне енгізілген ғылыми ұйымдар ұлттық ғылыми кеңестерге жыл сайынғы есептерді ұсынады.

### **39-бап. Ғылымды дамытуды ынталандырудың мемлекеттік шаралары**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті ынталандырудың мемлекеттік шараларына мыналар жатады:

1) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру;

2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері орындайтын ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды иемденуге арналған шығыстар бойынша салықтық женілдіктер мен салықтық шегерімдер ұсыну;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық ғылыми цикл жобалары мен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын іске асыру кезінде өнеркәсіп саласындағы қызметтің субъектілерін мемлекеттік қолдау.

2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар бойынша салықтық женілдіктер мен салықтық шегерімдер ұсынылған кезде уәкілетті орган Ұлттық ғылыми кеңестің техникалық тапсырма (шарт) жөніндегі шешімі негізінде адамдарға:

ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы есептің негізінде олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға (сатып алуға) арналған шығыстары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі хабарламаны;

пайдалануға беру актісі бар есептің негізінде олардың ғылыми орталықтар құруға арналған шығыстары бойынша ғылыми орталық құру туралы хабарламаны;

ендіру актісі бар ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар нәтижелерін ендіру туралы есептің негізінде олардың ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыруға (сатып алуға) арналған шығыстары бойынша ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жөніндегі хабарламаны береді.

Хабарламаларды беру тәртібін, нысаны мен мерзімдерін уәкілетті орган айқындауды.

## **7-тарау. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ**

### **40-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру**

1. Мемлекет ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті дамытуды экономикалық тұрғыдан ынталандыруға, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытуға, экономиканың басым секторларындағы технологияларды коммерцияландыруды қаржыландыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кепілдік береді.

2. Мемлекеттік ғылыми ұйымдарға, мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына, оның ішінде өзге де тұлғалармен бірлесіп, қызметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикада қолдану (коммерцияландыру) болып табылатын ұйымдар құруға рұқсат етіледі.

3. Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың, мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының зияткерлік меншік объектілеріне берілген мүліктік құқықтарға билік етуін олардың мүліктерінің меншік иесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Ұйым жүзеге асыратын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудан тұсken кірістің бір бөлігін ғылыми зерттеу жүргізуді не оны коммерцияландыруды қаржыландыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің эндаумент-қорына бөлуге ж ол беріледі.

4. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыратын ұйымның құрылтайшылары оның құрылғаны туралы тиісті салалық уәкілетті органды мемлекеттік тіркелген кезінен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей хабардар етеді.

5. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталына салым ретінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды енгізуі мүмкін.

6. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталына салым ретінде енгізілетін зияткерлік меншік объектілеріне құқықты бағалау Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

7. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы акцияларды (қатысу үлестерін) басқару Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **41-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға қатысушылар**

Мыналар:

- 1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері;
- 2) жеке кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілері;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында аккредиттілген шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдар;
- 4) стартап-компаниялар;
- 5) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтары (офистері);
- 6) сервистік компаниялар;
- 7) технологиялық парктар;
- 8) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға инвестициялауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға қатысушылар болып табылады.

#### **42-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру тетіктері**

Жеке және заңды тұлғалардың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелеріне құқықтарын іске асыру ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру тетіктері арқылы жүзеге асырылады, олар мыналар болып табылады:

- 1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне лицензиялық шартты және (немесе) оларға айрықша құқықтарды басқаға беру шартын жасасу;
- 2) стартап-компаниялар құру;
- 3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін өз өндірісіне ендіру (пайдалану);
- 4) Қазақстан Республикасының зандаудың көзделген өзге де тәсілдер.

## **8-тaraу. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУДЫ ҮНТАЛАНДЫРУ МЕН ҚОЛДАУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШАРАЛАРЫ**

### **43-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды ынталандырудың мемлекеттік шаралары**

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға қатысуышыларға ұсынылатын мемлекеттік ынталандыру шараларына мыналар жатады:

- 1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін жасағаны және ендіргені (пайдаланғаны) үшін авторларға сыйақылар төлеу;
- 2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған гранттар;
- 3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде жоғары технологиялық өнім шығаруды және (немесе) жаңа технологиялар ендіруді жүзеге асыратын өндірістер құруға жәрдемдесу;
- 4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға қатысуышылардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау бағдарламалары;
- 5) уәкілетті орган және салалық уәкілетті органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары айқындаған өзге де ынталандыру шаралары.

### **44-бап. Мемлекеттік қолдау нысандары**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларын (бұдан әрі – коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламалары) іске асыру мемлекеттік қолдау нысаны болып табылады.

2. Коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларын уәкілетті орган, салалық уәкілетті органдар әзірлейді және іске асырады, сондай-ақ оларды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы

органдары, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары, ғылыми үйымдар және (немесе) ғылыми-білім беру консорциумдары әзірлеуі және іске асыруы мүмкін.

3. Коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламасын әзірлеуші белгілеген талаптарға сәйкес, коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларына жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының, ғылыми үйымдардың, стартап-компаниялардың жұмыскерлері, жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

4. Коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламалары ғылыми-өндірістік байланыстарды дамытуға, өнірлік әлеуметтік-экономикалық дамуға, стартап-компанияларды құруға және дамытуға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары, ғылыми үйымдар, стартап-компаниялар жұмыскерлерінің, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы басқа да жеке және заңды тұлғалардың біліктілігін арттыруға бағытталуға тиіс.

5. Коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламалары, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтарын (офистерін ) қоспағанда, өнеркәсіптік-инновациялық инфрақұрылым элементтерінде материалдық-техникалық базаны ұсынуға және пайдалануға байланысты қатынастарға қолданылмайды.

#### **45-бап. Ғылым қоры**

1. Мемлекет жұз пайыз қатысатын акционерлік қоғам нысанындағы заңды тұлға ғылым қоры болып табылады.

2. Ғылым қоры:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері мен коммерцияландыруға өзге де қатысуышыларға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған гранттарды береді;

2) бизнес-акселерацияны, технологиялық бизнес-инкубациялауды, технологиялық брокерлікті, әлеуетті инвесторларды іздестіруді, маркетингтік және өзге де іс-шараларды жүргізууді қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға қатысуышыларға ұйымдастырушылық және құқықтық жәрдем көрсетеді;

3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды ынталандыру үшін ақпараттық ресурстарды, білім беру және қаржы ресурстарын тарту мақсатында халықаралық үйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

4) гранттық қаражаттың нысаналы пайдаланылуына талдау және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын іске асыру жөніндегі іс-шараларға бағалау жүргізеді;

5) инновациялар мен жаңа технологиялар нарығына мониторинг жүргізеді;

6) ақпараттық-талдамалық және консультациялық қызметтер көрсетеді;

7) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру (практикада қолдану) жобалары бойынша заңды тұлғалардың, оның ішінде стартап-компаниялардың жарғылық капиталына ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған жобалардың іске асырылуын қаржылық-экономикалық талдаудың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен олардың үлесін өтеусіз алу арқылы қатысады;

8) венчурлік қаржыландырудың тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысады.

#### **46-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған гранттар беру**

1. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған грант ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері мен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасында мәлімделген өзге де қатысуышыларға ғылымды қаржыландыру қағидаларында бекітілген тәртіппен беріледі.

2. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасын іске асыруға арналған шарт ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектісі мен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасында мәлімделген өзге де қатысуши (қатысуышылар) және Ғылым қоры арасында оны іске асырудың бүкіл мерзіміне жасалады, бірақ ол бес жылдан аспауға тиіс.

3. Бюджеттен тыс қаражат есебінен қаржыландырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған грант ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға қатысуышыларға беріледі.

4. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.

#### **47-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға қатысушылардың құқықтары**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға қатысушылар алған зияткерлік меншік объектілеріне құқық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

2. Автордың қаржыландырылуы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін жасағаны және ендіргені (пайдаланғаны) үшін сыйақы алуға құқығы бар.

3. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары, ғылыми үйымдар зияткерлік қызмет нәтижелеріне берілген мүліктік құқықтарға, сондай-ақ құрылған стартап-компаниялардың, оның ішінде жеке кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен бірлесіп құрылған стартап-компаниялар қызметінен алынған кірістерге өз бетінше билік етеді.

4. Жеке кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілері ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға басқа да қатысушымен жасалған шарттың негізінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықты өз атына тіркеуге құқылы.

#### **48-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мониторингі**

Уәкілетті орган, салалық уәкілетті органдар, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларын іске асыруға арналған шығындардың тиімділігін бағалау;

2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларын іске асырудың нысаналы көрсеткіштері мен индикаторларына қол жеткізуі бағалау;

3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларын іске асырудан болатын әлеуметтік-экономикалық әсерлерді бағалау;

4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларын дамыту және жетілдіру міндеттерін айқындау мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларының іске асырылуына мониторинг жүргізеді.

#### **49-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері авторларының құқықтары**

1. Айрықша құқықтары жұмыс берушіге тиесілі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің авторларына сыйақыны жұмыс беруші олар тиісті патентті немесе авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы қуәлікті (қорғау құжатын) алған күнінен бастап бір ай мерзімде төлейді.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін жасағаны үшін сыйақыны жұмыс беруші, егер олардың арасындағы шартта өзгеше белгіленбесе, кемінде бір орташа айлық жалақы мөлшерінде төлейді.

Айрықша құқықтары жұмыс берушіге тиесілі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін жеке өндірісінде ендірген (пайдаланған) жағдайда ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесінің авторына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылышын 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 100 еселенген мөлшеріндегі сыйақы патенттің немесе авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктің (қорғау құжаты) қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын төленеді.

2. Лицензиялық шартты немесе айрықша құқықты басқаға беру шартын жасасқан жағдайда авторға сыйақы сыйақының ең жоғары мөлшерін шектеусіз, лицензиялық шарт сомасының (роялтиді қоса алғанда) кемінде отыз пайызын құрайды.

Сыйақы автордың жұмыс берушімен жасасқан шарты негізінде төленеді. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін ендіргені (пайдаланғаны) үшін сыйақы авторға осындай нәтиже пайдаланылған әрбір қаржы жылды аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей және лицензиялық шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде лицензиялық шарт бойынша төлемдер түскеннен кейін үш айдан кешіктірілмей төленеді.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген сыйақыларды уақтылы төлемегені үшін жұмыс беруші авторға олардың арасында жасалған шартқа сәйкес мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл төлейді.

4. Егер айрықша құқықтары жұмыс берушіге тиесілі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері бірнеше автордың бірлескен шығармашылық енбегімен жасалған болса, онда олардың әрқайсысына кемінде бір орташа айлық жалақы мөлшерінде сыйақы төленеді.

Егер жұмыс беруші мен авторлар арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген сыйақылар мен өсімпұлды жұмыс беруші авторларға тең мөлшерде төлейді.

5. Жұмыс беруші мен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесінің авторы болып табылатын жұмыскер арасындағы еңбек қатынастары тоқтаған жағдайда да осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарында көзделген сыйақылар мен өсімпұл төлеу сақталады.

6. Егер айрықша құқықтары өзіне (өздеріне) тиесілі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің авторы (авторлары) стартап-компанияның құрылтайшысы (құрылтайшылары) ретінде, оның ішінде өзге де жеке және (немесе) заңды тұлғалармен бірлесіп әрекет етсе, онда оның (олардың) стартап-компанияның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі кемінде он бес пайызды қурауга тиіс.

7. Зияткерлік меншік авторлары мен иелерінің құқықтарын бұзуға, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында шарттар жасауға және оларды орындауға байланысты даулар сот тәртібімен қаралады.

#### **50-бап. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының, ғылыми үйымдардың құқықтары**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру білім беру қызметімен және ғылыми қызметпен қатар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының, ғылыми үйымдар қызметінің басым бағыты болып табылады.

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары, ғылыми үйымдар өздерінің үйымдық-құқықтық нысанына қарамастан:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарға өз бетінше билік етуге;

2) лицензиялық шарт бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін пайдалану құқығын беруге;

3) айрықша құқықтарды басқаға беру шартының негізінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне айрықша құқықты иеліктен шыгаруға;

4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне айрықша құқықты кепілге беруге;

5) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне айрықша құқықтарды жарғылық капиталға жарна ретінде енгізуге;

6) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне айрықша құқыққа өзге де тәсілмен билік етуге құқылы.

3. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының, ғылыми үйымдардың ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасы шенберінде құрылатын стартап-компаниялардың құрылтайшылары (қатысушылары) ретінде басқа да жеке және (немесе) заңды тұлғаларды тартуға құқығы бар.

Мұндай жеке және заңды тұлғалардың стартап-компаниялардың жарғылық капиталына салымы олардың қатысу үлесінің кемінде елу пайызы мөлшеріндегі ақшамен не зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықпен, материалдармен, жабдықтармен немесе ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру үшін қажетті өзге де мүлікпен төленуі мүмкін.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымының мемлекеттік мұлкі оның негізгі міндеттеріне қайшы келетін мақсаттарда алып қоюға немесе пайдалануға жатпайды.

4. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары, ғылыми үйымдар өздерінің үйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, уәкілетті мемлекеттік органмен – олардың мұліктерінің меншік иесімен келісусіз ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру нәтижесінде алынған кірістерге өз бетінше билік етуге құқылы.

5. Стартап-компанияның жарғылық капиталына салым ретінде енгізілетін зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды бағалау Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары, мемлекеттік ғылыми үйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасы шенберінде стартап-компаниялардың жарғылық капиталдарындағы өздерінің қатысу үлестеріне билік ете алады.

7. Құрылтайшылары (қатысушылары) мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары, мемлекеттік ғылыми үйымдар болып табылатын стартап-компаниялардың жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестеріне билік етуден алынған кірістер, сондай-ақ осы мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары, мемлекеттік ғылыми үйымдар алған стартап-компаниялар кірісінің бір бөлігі олардың өз бетінше билік етуіне түседі.

Стартап-компаниялардың қызметінен алынған кірістер зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғауға, автор мен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруда жәрдем көрсеткен адамдарға сыйақы төлеуге және стартап-компанияның жарғыда көзделген басқа да шығыстарына жумсалады.

8. Егер жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының, ғылыми үйымдардың ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе, авторлар сыйақысының үлесі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары, ғылыми үйимдар алған стартап-компания кірісі үлесінің отыз пайзынан кем болмауға тиіс.

9. Стартап-компания таратылған кезде мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары, мемлекеттік ғылыми үйымдар жарғылық капиталға салым ретінде енгізген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар осы үйымдарға беріледі.

Егер жарғылық капиталға салым ретінде зияткерлік қызмет нәтижелерін пайдалану құқығы енгізілсе, онда тиісті лицензиялық шарт стартап-компания таратылған күннен бастап өз қолданылуын тоқтатады.

## **51-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтары (офистері)**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтарының (офистерінің) қызметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөнінде қызметтер кешенін көрсетуге, оның ішінде коммерцияландыру үшін технологияларды іздестіруге және бағалауға, маркетингтік зерттеулерге, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау саласында көрсетілетін консультациялық қызметтерді ұсынуға, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру стратегиясын әзірлеуге, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері мен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің шарттар жасасуы мақсатында олардың өзара іс-қимыл жасаудың үйымдастыруға бағытталған.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтарының (офистерінің) жұмыс істеуі ғылыми ұйымдардың, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қаржаты есебінен ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауға бөлінген гранттық қаржыландыру көлемінің кемінде екі пайызы мөлшерінде қамтамасыз етіледі.

3. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтары (офистері) қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, ғылыми ұйымдар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдар жасасқан зияткерлік меншік объектілеріне арналған лицензиялық шарттар және оларға құқықтарды басқаға беру шарттары сомасының кемінде он пайыз қаржатын оларға жібереді.

## **9-тaraу. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ**

### **52-бап. Халықаралық үнтымақтастық**

1. Халықаралық үнтымақтастық тиісті халықаралық шарттардың, халықаралық ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың негізінде, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік ғылыми және өзге де ұйымдар арасында ғылыми-техникалық үнтымақтастықты орнату мен кеңейтуге жәрдемдесетін нысанда жүзеге асырылады.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері халықаралық ғылыми, ғылыми-техникалық ұйымдар мен бірлестіктерге кіруге, халықаралық ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға, шет мемлекеттердің ғылыми, ғылыми-техникалық жобалары мен бағдарламаларына қатысуға құқылы.

3. Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген тәртіппен шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды тұлғалардың қатысуымен ғылыми ұйымдар мен ғылыми орталықтар құрылуы мүмкін.

4. Ғылым және техника саласына салынатын шетелдік инвестициялар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және нысандарда жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық өнімдердің Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерге берілуін бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

## 10-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 53-бап. Қазақстан Республикасының ғылым және технологиялық саясат туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының ғылым және технологиялық саясат туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

### 54-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 37) тармақшасын, 8-бабының бірінші бөлігінің 2), 11), 12) және 13) тармақшаларын және екінші бөлігін, 36-бабы 1-тармағының екінші бөлігін, 11-тармағын, 39-бабының 1-тармағының 2) тармақшасын және 2-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың:

- 1) "Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының;
- 2) "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

К. ТОҚАЕВ